

## Жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 308 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 қазанда № 5186 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 05-16/111 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 18.04.2017 № 05-16/111 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексі (Салық кодексі) мен "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес және Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 90 қаулысы негізінде Жаңақорған ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын Жаңақорған ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесі 5 (бес) есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақорған ауданы  
мәслихатының кезекті XLV  
сессиясының төрағасы*

*А. Шайыхов  
"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Қызылорда облысы бойынша  
мемлекеттік кірістер департаментінің  
Жаңақорған ауданы бойынша  
мемлекеттік кірістер басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*Ж.Талас \_\_\_\_\_  
"23" 09 2015 жыл*

*Жаңақорған ауданы  
мәслихаты хатшысының  
уақытша міндетін атқарушы  
С. Ысқақов*